

Успен ауданы бойынша жайылымдардың геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде жайылым айналымдарының схемасы бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 160/5 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 мамырда № 6397 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 21 қазандағы № 262/10 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен ауданы әкімдігінің 21.10.2024 № 262/10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңының 9-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Успен ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Успен ауданы бойынша жайылымдардың геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде жайылым айналымдарының схемасы бекітілсін.


2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің
міндетін атқарушысы*

Қ. Абушахманов
Успен ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "30" мая
№ 160/5 қаулысына
қосымша

Успен ауданы бойынша жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде жайылым айналымдарының схемасы



Шартты белгілер:

- Елді-мекен орталығы
- Ауылдық округтердің шекарасы
- Егістік
- Кезеңділікпен пайдаланылатын жайылымдар
- Кезектілікпен пайдаланылатын жайылымдар
- Құбырлы құдықтар